



Қабышев Талғат Болатұлы

филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.
e-mail: 223algat_kabyshev@mail.ru

**ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ЖҮЙЕЛЕУДЕГІ БЕЙСЕНБАЙ КЕНЖЕБАЕВТІҢ ҒЫЛЫМИ
ПРИНЦИПТЕРІ**

Мақалада қазақ әдебиеті тарихының белгілі тұлғасы, ғұлама ғалым Б.Кенжебаевтың қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегі жайлы айтылады. Бар өмірін қазақ әдебиетіне қосқан үлесі, сол жолда көрген қиындықтары баяндалады. Ұлт әдебиетін қалыптастырудағы, қазақ әдебиеті тарихын жүйелеудегі ғылыми принциптері жсан-жақты нақтыланады

***Түйін сөздер:** қазақ әдебиеті тарихы, әдебиеттану ғылымы, әдеби концепциялар, ғылыми принциптер, әдебиет тарихын жүйелеу, реалистік әдебиет, сыншыл реализм*

В статье рассматриваются работы известного ученого – литературоведа Б. Кенжебаева, внесшего большой вклад в изучение истории казахской литературы.

В статье также говорится о трудностях, пережитых исследователем в ходе его изысканий в области казахской литературы. В статье делается всесторонний анализ принципов научного анализа художественного процесса национальной литературы.

***Ключевые слова:** история казахской литературы, литературоведение, литературные концепции, литературный процесс, реализм в литературе, критический реализм*

The article is about the works of a famous scientist – literary critic B. Kenzhebaev, who made a great contribution to the study of the history of Kazakh literature.

The article also speaks about the difficulties experienced by the researcher during his research work in the field of Kazakh literature. The author makes a comprehensive analysis of the principles of the scientific analysis of the artistic process of national literature.

***Keywords:** history of Kazakh literature, literary study, literary concepts, literary process, realism in literature, critical realism*

Бейсембай Кенжебаев – қазақ әдебиетінің тарихын барынша жетілдіріп, алға дамытып, оған тың концепциялар ұсынған зерттеуші ретінде танымал ғалым. Ол қазақ әдебиетінің жазба тарихын тұңғыш рет ғылыми тұрғыда дәуірлетіп, әдеби ескі жәдігерлеріміздің ұлт руханиятындағы орнын ғылыми дұрыс көзқараста таразылауымен ерекшеленеді. Ғалымның бұл ерекшелігі жайлы профессор А.Еспенбетов: «Қазақ баспасөзінің тарихы, әдебиеттану ғылымының мән-жайы сөзге тиік болар сәтте, алдымен ауызға алуда тиісті ірі

тұлғалардың бірі ғұлама ғалым, байсалды білімдар ұстаз, марқұм Б. Кенжебаевтың есімі көкейге оралады»[1,114],- деп жазды.

Ғалымның шығармашылық ғұмырбаяны «Қазақ әдебиеті (энциклопедиялық анықтамалық)» атты әдебиеттану ғылымына арналған жинақта айқын да жинақы берілген. [2,264].

Бейсембай Кенжебаев қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге бар саналы ғұмырын қапысыз арнап, ұлт әдебиетінің тынысы мен жаңа көкжиегін белгілеген, сол арқылы қазақ

әдебиеті тарихын ұлт мүддесі тұрғысынан зерттеу дәстүрін қалыптастырған ғалым еді.

Көңілге қауіп ұялатып, басты қатерге тіге жүріп қазақ әдебиеті тарихы жайында аянбай еңбек етті. Тасқа салса кетілмей, қайта жетіле түсер шарболаттай өршіп, саясатқа қайшы келетін, тек қана ұлт мүддесімен үндесетін толайым еңбектер келді дүниеге. Құлағынан кикү кетпей жүріп тың концепциялар бірінен соң бірі туындап жатты әдебиетте. Басын қатерге тігіп, жанын шүберекке түйе жүріп жасалған еңбектерден ғалым кезінде көбіне қарғыс алды. Тек кейін ғана алғыс алды. Тек кейін ғана ол еңбектердің, ол концепциялардың шын бағасын білдік. Қымбат ойлардың қадіріне кейін жеттік. Ерте қалыптасқан, дер мерзімінде мойындалуға тиісті «Бейсембай Кенжебаевтың қазақ әдебиеті тарихын зерттеу мектебі» кешігіп кейін мойындалды, ғалым әбден қартайғанда кеш құрметтелді.

Қиындықпен, күреспен жүзеге асқан ғалым еңбегінің әрқайсысы ерлікке бара-бар күй кешті. Ғалым қазақ әдебиеті тарихын біртіндеп ілгерілетіп, біртіндеп тереңдете түсті. Сөйтіп жүріп ғалымның тұтас қазақ әдебиеті жайлы жүйесі қалыптасты. Түркі халықтарына ортақ кезеңдерден бастау алатын қазақ әдебиеті тарихының Бейсембай Кенжебаев жасаған дәуірлеу жүйесі – қазір мейлінше мойындалған, мектеп оқулықтарынан бастап жоғары оқу орындарына дейін оқытылатын қалыптасқан жүйе. Сонымен қатар, бас-басына атап-атап айтар болсақ, профессор Бейсембай Кенжебаев әдебиетіміздің түркі халықтарына ортақ ежелгі дәуірі, қазақ хандығы кезең әдебиеті, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті кезеңдерін тың проблема ретінде алғаш көтеріп көпке жеткізген, концепцияға айналдырып әдебиетте орнықтырған табанды, көреген ғалым. Өзі бастап зерттеген тұтас-тұтас дәуір әдебиетіне талантты шәкірттерін бағыттай тәрбиелеп ұстаздық ұлылығымен тәнті еткен де Бейсекең. М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Р.Нұрғалиев, Қ.Сыдықов, Н.Келімбетов, А.Қыраубаева, А.Еспенбетов секілді дарынды ғалымдар еңбегі аталған жерде Бейсекең есімі қосарлана аталып, құрметтелуінің сыры да міне осындай, есепсіз адал ұстаздық тәрбиеге байланысты.

Өзімен өкшелес шығып, қазақ әдебиеті тарихында қанаттас еңбектенген Ә.Қоңыратбаев, Х.Сүйіншәлиев, Р.Бердібаев, Т.Кәкішев, З.Ахметов, Ш.Елеуенов, Т. Қожакеев сынды ғалымдар да Бейсекең рухы алдында әрдайым шәкірттік бейілмен бас иеді.

Бейсембай Кенжебаевтың ғылыми зерттеулерінің тағдыры қаншалықты қилы кезеңді басынан кешірсе, өз тағдыры да тар жол тайғақ кешудің тұтқыны болды. «Оның туған жері – «Күлтөбеде күнде жиын» атанған тарихи жер, бүгінде «Бөген» су қоймасының астында қалды. Жегім өсті. Малдыбек байдың малын бақты. Кәдімгі жалақ ерін, табаны тілінген жалшы, бақташы болды. Қашып Ташкентке барды. Өзбек байына малай болды. Қыш құйды. Бақша күтті. «Арқа еті арша, борбай еті борша» дегендей, өлер болған соң, қашып көшеге шығып кетті. Ұры, қары – көше баласына айналды»[3,6].

Бейсембай Кенжебаевтың осынау аянышты шағынан түбегейлі құтылған кезі 1919 жылдардан басталады. «*Бейсембай Кенжебаев 1920 жылдан 1925 жылдың ортасына дейін іздену, оқу жолына беріледі: балалар үйінің жанындағы мектепте, Ташкент шаһарындағы облыстық мектепте, Мәскеудегі Күншығыс еңбекшілерінің университетінде (КУТВ) білім алады. Кейінде Максим Горький атындағы әдебиет институтында оқиды, Қазақ мемлекеттік университетін тәмамдайды*»[1,114]. Осы орайда айта кетер жайт, Бейсембай Кенжебайұлының ұстаздары турасында болмақ. Балалар үйінің тәрбиеленушісі болған кезінде Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы сынды алаш арыстарының жалынды сөзін естіп, қайсар жүздерін көріп өсті. Оқуын жалғастыруда да Ж.Аймауытұлы, С.Қожанұлы, Т.Рысқұлұлы, Н.Төрөқұлұлы, Ғ.Мұратбайұлы сынды тұлғалардың алдын көріп, танысып, тағлым алады. Әсіресе, В.Брюсов ашқан өнер институтында оқып жүрген Мағжан Жұмабаевтан тағлым, ой-тәрбие алады. Тіпті Бейсембай Кенжебайұлы алаш ақынының жетекшілігімен Абай шығармашылығы турасында әдеби үйірмеде баяндама да жасайды. Бұл ғибраттың өзі – шәкірт Бейсембайды әдебиет тарихының зерттеушісі болуға ынталандырған қарлығаш қадам болғаны анық. 1920 жылдары Мәскеуде оқып жүрген кезінде «Күн – шығыс халықтары кіндік баспасын» басқарған қазақ интелегенциясының өкілі Нәзір Төрөқұлұлымен сұхбаттас, пікірлес болады. Сол арқылы алаш партиясының көсемі Әлихан Бөкейханұлымен танысады. Елім деп еміренген ұлтжанды азамат, ұлт әдебиетін шексіз сүйген әдебиетші Бейсембай Кенжебайұлының ұстанымы биік, халық мүддесі тұрғысынан ғана қарастыратын

толайым зерттеуші, замана ағымымен ілесіп кетпейтін қайсар мінез иесі болып өсуіне алаш арыстарының алдын көруі, сұхбаттас болуы ықпал әсерін тигізгені сөзсіз. Содан да болар Бейсембай Кенжебайұлы қазақ әдебиетінің тарихын жүйелеу мәселесінде қажымас ұлтжандылық мінез қуатын танытып отырады.

Бейсембай Кенжебайұлының өнегелі өмір жолының кемел бір белгісі – ұстаздық еңбегі. Ірі де кесек зерттеушінің алғыр да зейінді шәкірттерінің бірі, филология ғылымдарының докторы Арап Сләмұлының тілімен айтсақ: *«Ұстаздық – Бейсембай Кенжебаевтың үлкен өмір жолының мағыналы бір тармағы. Қазақ мемлекеттік университетінде қырық жылдан астам уақыт кафедра меңгерушісі, профессор қызметін атқарып, ғалым-сыншылардың, ой бағып, сөз аулап өсетін ақын-жазушылардың бірнеше буынын тәрбиелеп шығарды. Егер де ғалымдар мен ақындарды білмекке құмарлық тудырады десек, шәкірттерінің бойына еңбекқорлық пен ізденпаздық дарытып өткен ғалым, осы – Бейсембай Кенжебаев»*[1,123]. Ұстаздың әдеби мектеп қалыптастырып, Рымғали Нұрғалиев, Мырзатай Жолдасбеков, Мұхтар Мағауин, Алма Қыраубаева сынды шәкірт-ғалымдар тәрбиелеуі өз алдына бір әңгіме.

Бейсембай Кенжебаевтың ғалымдық, зерттеушілік қасиеттері оның ірі ғалым ретіндегі тұлғасын айғақтайды. Әдебиет тарихшысының барлық зерттеулеріндегі ортақ дін – ұлттық мүддені асқақтату, ғылыми шындықты негіздеу. Оның әдебиет тарихындағы басты зерттеу объектісі, ғылыми зерттеулерінің күре тамыры – ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Осы кезеңді зерттеуде толайым еңбектер қалдырып, жүйелі де ғылыми негізде саралаған іргелі табыстары мол. Оның «Қазақ халқының жиырмасыншы ғасыр басындағы демократ ақын-жазушылары», «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Шындық және шеберлік» сынды еңбектері қазақ әдебиетінің алтын ғасыры болып танылған ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін егжей-тегжей қарастыруымен ерекшеленеді. Ал, ғалымның Сұлтанмахмұт шығармашылығын түбегейлі қарастыра зерттеуі, барлық шығармашылық ізденіс жолының тоғыс түйісі болып табылады. Бейсембай Кенжебаев ізденісінің алтын діңгегі, керек десеңіз стихиясы, ХХ ғасыр табалдырығын аттай бере, «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн

болуды» армандаған, қазақтың ұлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров мұрасы еді.

Қазақ әдебиетінің тарихын жүйелеуде батыл дамытуларға барған, қазақтың ежелгі әдебиетін ұғым ретінде қалыптастырған Б.Кенжебаев зерттеулерінің қазақ әдебиеттану ғылымындағы орнын анықтау арқылы әдебиет тарихының даму үрдісін айқын саралаймыз. Ғалымның ««Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу», «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері» мақаласы қазақ әдебиеті тарихын түбегейлі өзгертуге бағытталған оң бетбұрыс болды. Мұны ғалымның: *«Әдебиет тарихы халық тарихына тығыз байланысты, соның бейнелі көрінісі, сұрлеуі; ол қай кезде болсын халық тарихының ізімен жасалады. Демек, қазақ әдебиетінің ғылыми тарихы да қазақ халқы тарихының ізімен жасалуы тиіс»*[4],- деген сөзінен де көреміз. .

Жоғарыда аталған мақалалар қазақ жазба әдебиеті тарихының даму жолын, түп тамырын, тегін, генезисін саралауымен де құнды. 1960 жылдарға дейін қазақ жазба әдебиетінің тарихы кеңестік идеология өлшеммен арғы тарихты мүлдем жоққа шығарып, тек ХҮІІІ ғасырдан басталады деген концепцияда оқытылды. Сөз дәйектілігі үшін мысал келтірсек: *«Жаз басы кеш басталды, шын мәнінде мәдениетке Социалистік Ұлы Октябрь революциясынан кейін, Совет өкіметі кезінде ғана еркін қолы жеткен қазақтың жазба әдебиеті өзінен бұрынғы ауыз әдебиетімен тікелей байланысты»*[5,243],- деген қағида үстемдік құрды. Қазақ әдебиетінің түп тамырын жоққа шығарып, ауыз әдебиетімен ғана сабақтастырып қою ұлт тағдырына деген қиянат болмақ. Неге десеңіз, арнасыз, жүйесіз, тамырсыз өнердің ертеңі де бұлыңғыр болмақ. Қажым Жұмалиевтің әдебиет тарихына тереңдеп бармауы, бергі кезеңнен бастап дәуірлеуі, оның ұлтшыл деген жаладан бойын аулақ салған мінез тәсілі ғана емес, сол кезеңнің зорлықшыл саясатының да әсері еді.

Қазақ әдебиеттану ғылымына өлшеусіз еңбек сіңіріп, қапысыз қызмет қылған Бейсембай Кенжебайұлының әдебиет тарихын жүйелеу мәселесі турасындағы зерттеу мұрасы бүгінгі жас буын өнеге алар тағлымды құндылық болып табылады.

Ғалымның ұстанған принциптері мен концепциялары ғылыми негізінің тереңдігімен құнды. *«Қай халықтың болсын жазба әдебиетінің басы бір адам, жеке бір ақын, жазушы, яки соның шығармасы болуы заң емес.*

Жазба әдебиеттің басы, алғашқы нұсқалары түрлі дін, заң кітаптарының ресми жазу-сызулары мен бұйрық-жарлықтардың, жеке кісі хаттары мен өмірбаяндардың шешен, өткір, көрікті, шебер жазылған жерлерінен іріктеліп алынуы, солардың жиыны болып келуі де мүмкін»[6,3],- деп ой түйюі, қалыптасып қалған кеңестік идеология концепциясына алғашқы дәлелді соққы береді. Осы арқылы кез-келген ел әдебиетінің жеке адамнан басталуы, автордың болуы міндетті заң емес екендігін анық түйеді. Яғни әдебиет, әсіресе жазба әдебиеті халықтық шығарма, сондықтан әдебиет тарихын жүйелеуде жазба әдебиеттің авторлық құқығы бұлыңғыр болуы заңды құбылыс. Ендеше, Бейсембай Кенжебайұлының қазақ әдебиетінің тарихын жүйелеу мәселесінде ұстанған, жазба әдебиеті халық шығармашылығының жемісі деген принципі – дұрыс тұжырым.

Ел әдебиетінің тарихын жүйелеуде, әдебиет белестерін белгілеуде ғалымның ұстанған екінші принципі – халықтың өткен дәуірдегі шығармасының тілі бүгінгі тілде болуы заң емес, тек дүниетаным бірлігі мен тарихи туыстық бірліктің болуы міндет деген ой. Мұны ғалым: «*Кейбір жазба әдебиеттің алғашқы нұсқаларының сол халықтың өз тілінде, бүгінгі тілінде болуы міндетті емес. Басқа тілде, ол халыққа осы күнде түсініксіз тілде жасалған, бірақ сол халық жерінде, сол халықтың өкілі тарапынан жасалған, сол халықтың өмірін, салтын, мінезін көрсететін әдебиет нұсқаларының болуы да ықтимал*»[6,4],- деп жазған. Сөйтіп, қазақ әдебиетінің тарихын жүйелеу мәселесінде басты дүние халықтық болмыс пен бітім, салт-сана, ұлттық мінез, этногенезис екендігін айқындаған.

Ғалымның осы мәселедегі үшінші ұстанымы – жазба әдебиет халық болып қалыптасқанға дейін болмауы заңдылық емес деген қағидасы. Жазба әдебиеті халық тарихы қалыптасқаннан да бұрын болып, тіпті сол ұлттың халық ретінде тұтасуына қызмет қылуы да мүмкін. Ғалым бұл ойын былайша тұжырымдаған: «Бір халықтың жазба әдебиетінің сол халық болып құралған соң жасалуы да заң емес, онан бұрын жасалуы, ең болмағанда кейбір нұсқаларының онан бұрын болуы да мүмкін» [6,5]. Төртінші ұстанымында ол әдебиет тарихын дәуірлеуде халықтың белгілі бір этнос ретінде құрылу тарихы басты қасиет екенін көрсетеді. «*Біздің қазақ көп рудан құралған халық. Осы күнгі қазақ X ғасырда халық болып құралды деп біреулер*

айтады да, XV ғасырда халық болып құралды деп екінші біреулер айтады. Қалайда қазақ болып біріккен рулар дүниеге дәл сол қазақ болып біріккен ғасырда ғана келген жоқ, тарихта онан көп бұрын болды. Тек бұрын бытырап, әр халыққа бір қосылып жүрген. Мысалы, қазақ халқының құрамына енген үйсіндер тарихта біздің жыл санауымыздан бірер ғасыр бұрын болған, ал қазақ халқының негізі болып саналатын қаңлы, қыпшақ, қоңырат, керей, арғын рулары тарихта VIII – IX ғасырдан бар рулар. Міне, осы рулардың жүрген жерлерінде ерте уақыттарда жасалған, сол рулардың тірлігін, салтын бейнелейтін, бір кезде сол руларға түсінікті болған жазу-сызулар жазба әдебиет нұсқалары болса, олар сол рулар жазба әдебиетінің, кейін сол рулардан құралған халық жазба әдебиетінің нұсқалары болып есептеледі»[6,6],- деуі осы тұжырымның дәлелі. Сөйтіп, ғалым қазақ халқының ел болып қалыптасу кезеңінен де бұрын жазба әдебиеті нұсқаларының болғанын дәлелдейді.

Осындай ғылыми дәйекті принциптерге сүйенген Бейсембай Кенжебаевтың ізденістері «Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу қай кезеңнен басталады?» деген 1960 жылдарға дейінгі полемикаға соңғы нүктесін қоятындай пікірлер шоғыры болды. Жалпы Бейсембай Кенжебайұлына дейін ұлы суреткер, заманымыздың заңғар жазушысы, әдебиет тарихшысы Мұхтар Әуезов те осы мәселе төңірегінде келелі пікірлер айтқан. Оның: «*Әдебиет тарихының қазіргі заманда шығуы туралы айтатынымыз: тегінде бұл тарих қазақ елінің жалпы тарихы шыққан соң тізілуі лайық еді. Бұл күнде шалғай шығып қалды. Сондықтан барлық ескілікті қарастырған уақытта, қазақ тарихының ұлы аңғарына жанастыруға тырысып, әлеумет тіршілігінің ішкі-сыртқы қалпымен байланыстыруға талап етсек те, нағыз тарих сөзі мен бұның мөлшерінің арасында шалғайлық болып кетуге мүмкін. Ондайлық адасқан жері болса, кітаптың тарихсыз заманда шыққанын еске алуды тілейміз*»[7,11],- деп жазуы әдебиет тарихының бастауы, түп тамыр сабақтастығы сонау көне заманнан бастау алатындығын қисынды дәлелдейді. 1960 жылдардағы қазақ әдебиеті тарихын жүйелеу мәселелерінің соншалықты даулы болуы кеңестік жүйенің қысымшылығы мен ұлт тарихының жүйеленіп, қалыптаспауынан болды. Бұған профессор А.Еспембетовтің: «*Көне жазба*

ескерткіштердің ғылыми, әдеби мәнін анықтаудан, хандық дәуірдегі әдебиеттің мұралық сипатын белгілеуден кейін әдебиет тарихының көкжиегі кеңейе түсті. «Алдаспан» антологиясы, «Ежелгі әдебиет нұсқалары» херстоматиясы, сондай-ақ профессор Бейсембай Кенжебаевтың басшылығымен көне дәуірдегі қазақ әдебиетінің оқулығы дүниеге келді. Бұл нәтижеге Бейсекеңнің табандылығы, қайсарлығы арқасында жеткеніміз анық»[1,116],- деген қорытынды пікірі айғақ.

Бейсембай Кенжебайұлы көптеген ғылыми мақалалар жазып, қазақ әдебиеті тарихының мынандай жүйедегі концепциясын қалыптастырды: «Сонымен, жинақтап айтқанда, қазақ халқының бұрын-соңды әдебиетінің тарихын былай жүйелеген дұрыс деп білеміз:

I. Бұрынғы әдебиет. (Қазіргі әдебиет тарихында «Ежелгі дәуір әдебиеті» деген атпен белгілі). Қазақ ру-тайпаларының ежелгі ру, ұлыс дәуірлеріндегі әдебиеті. Көбінесе, сол замандардағы түрік ру-тайпаларымен бірге жасаған ортақ әдебиет.

II. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. (XV – XIX ғасыр арасы). Қазақтың өзіндік әдебиеті.

III. Қазақтың XIX ғасырдағы жаңа, сыншыл, реалистік әдебиеті.

IV. Қазатың XX ғасыр басындағы (1900 – 1920 жылдардағы) әдебиеті.

V. Қазақ халқының Ұлы Октябрь Социалистік революциясынан кейінгі советтік әдебиеті.

Біз қазақ халқы әдебиетінің тарихын дәл осы жүйемен жасауды, жоғарғы оқу орындарында осы тәртіппен оқытуды жөн көреміз»[8,14].

Осынау ұсынылған жүйе бүгінгі таңда қазақ әдебиеті тарихын межелеудегі темірқазық болып танылуда.

Қорыта айтсақ, қазақ әдебиеті тарихын жүйелеу мәселелеріндегі Бейсембай Кенжебайұлының ғылыми ұстанымдары, концепциялық жүйелері басты назарда ұстанатын нысан, сондай-ақ ғалымның қазақ әдебиетін зерттеу мектебін қалыптастыруы, жүйелі әдебиет тарихының негізін қалауы қазақ әдебиеттану саласының зор табысы ретінде танылуы заңдылық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Еспенбетов А. Уақыт өрнегі. – Алматы: Инжу – маржан, 2005 – 515 бет.
2. Қазақ әдебиеті (энциклопедиялық анықтамалық). – Алматы: Аруна, 2005. – 576 бет.
3. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар: Әдебиеттану, сын әлемі. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2003. – 336 бет.
4. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу // Қазақ әдебиеті, 1985, №7, 18 ақпан.
5. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері. Кітапта: Қазақ әдебиетінің мәселелері. 3-кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 401 бет.
6. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы, 1988. – 413 бет.
7. Әуезов М. Әдебиет тарихы: Ана тілі. – Алматы, 1991. – 287 бет.
8. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973. – 387 бет.

Қабышев Талғат Болатұлы

Лауазымы: филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің доценті, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шәкәрім 15/49

Ұялы тел: +7 777 746 02 94

Әдебиет тарихын жүйелеудегі Бейсенбай Кенжебаевтің ғылыми принциптері

Қабышев Талғат Болатұлы

Должность: кандидат филологических наук, доцент, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г.Семей, Шакарима 15/49

Сот. тел: +7 777 746 02 94

Научные принципы Бейсенбая Кенжебаева в системе истории литературы

Kabyshev Talgat Bolatuly

Position: Candidate of Philological Sciences, associate professor, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, Shakarim 15/49

Mob.phone: +7 777 746 02 94

The scientific principles of Beisenbai Kenzhebaev in the systematization of the history of literature